





Алтынбек
СӘРСЕНБАЕВҚА
ҚАТЫСТЫ
ДОСМҰХАМЕДОВ
НЕ ДЕЙДІ?

2
БЕТ



«БІЗ ЕКІ
ЖҮЗДІ
САЙЛАУДАН
ӨЗГЕНІ
БІЛМЕЙМІЗ»

7
БЕТ



ШЫН
МӘНІНДЕГІ
ТАҢДАУЫМ
«АҚ ЖОЛҒА»
ТҮСП

7
БЕТ

ЖАС ҚАЗАҚ

Республикалық қоғамдық-саяси апталық

www.jasqazaq.kz. E-mail: jas_qazaq@ok.kz

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№28 (297) 14.07. 2007 ж.

Әлихан БАЙМЕНОВ:

ӘРУАҚТАРДЫ САЯСИ САУДАҒА

САЛУҒА БОЛМАЙДЫ

Шілденің 9-ы күні ҚР «Ақ жол» демократиялық партиясы Алматыдағы Ұлттық баспасөз клубында арнайы баспасөз мәслихатын өткізді. Оған «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Әлихан Бәйменов, «Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары Орталық Кеңесі төрағасы Мақсұт Нәрікбаев, төраға орынбасарлары Людмила Жуланова мен Бөріхан Нұрмұхамедовтер қатысып, журналистердің қойған сұрақтарына жауап берді.

— Басты мәселе алдағы Мәжіліс сайлауына дайындық. Біз бұл ретте Тендік, Еңбек және Имандылыққа негізделетін билік партиясына балама бағдарламамызды ұсынып отырмыз, — деді Әлихан Бәйменов. Сонымен бірге кешегі күні елеулі оқиғалар болды. Біздің партияға мүшелікке көптеген белгілі азаматтар кірді. Съезд Мәжіліске үміткерлердің 114 адамнан тұратын тізімін бекітті. Олардың ішінде партия жетекшілерінен басқа Амангелді Айталы, Мырзагелді Кемел, зиялы қауым өкілдерінен Исраил Сапарбай, Ханбibi Есенқарақызы, Серік Тұрғынбекұлы, Ибрагим Исаев, Қазыбек Иса, белгілі заңгерлер Сергей Ударцев, Ендік Нұрғалиева, Қазақстанның кәсіподақтар федерациясының өкілі Майра Амантаева, белгілі кәсіпкерлер Амандық Құлахмет, Сырым Мұхамеджан, Бақытжан Ахметжан сонымен бірге Қазақстан экономистер Ассоциациясының төрағасы



Арыстан Есентүгелов және тағы да басқа азаматтар бар.

Біздің ойымызша, сайлау әділ әрі таза өтетін болса, 25-30 орын алатынымызға сенімдіміз. Десек те мұндай кезде үміт пен күдіктің қатар жүретіні анық. Бірақ сайлауды өткізетін адамдар, Елбасы, өкімдер, Орталық сайлау комиссиясы жыл өткен сайын демократиялық бағытта жылжуға қадам жасайды деген үміт жоқ емес.

Біз осы ретте Әлихан Бәйменов мырзадан, оны кейбір газеттердің қаралап, қоғам алдында беделін түсіру үшін мақалалар жазылып жатқанын, неге осы тақілеттес жарияланымдарға қарсы жауап бермей отырғандығын сұраған едік.

— Біз съезде өзіміздің құндылықтарымызды Тендік, Еңбек және Имандылық деп айттық. Біз бір Аллаға сыйынып, аруақтарды сыйлап өскен халықтың ұрпағымыз. Осы тұрғыдан алғанда кейбір басылымдардың кейбір адамдардың ауыздарымен жантүршігерлік қадамдарға барып жатқанын көріп жүрміз. Олар тірі жүрген адамдардың арасындағы саяси бөсекеге аруақтарды араластыруға кірісті. Бұл олардың әлсіздігін һәм имансыздығын көрсетеді. Жақындарының аруағын саяси саудаға айналдырғысы келген адамдарды түсіну мүмкін емес. Тірі кезінде мен екі мәрте сол кісінің қауіпсіздігі үшін біраз

қадамға барған едім. Енді мен туралы жайсыз айтуды мен арандату деп түсінемін. Бірақ олар қаншама мұндай қадамға барып, халық алдында жағымсыз қылып көрсетуге тырысқанымен мен аруақты аттап, аруақтарды саяси саудаға салуға қарсымын. «Опасыз», «сатқын» деп ұйымды тастап кеткендерді айтады. Ал, олар партияны тастап кетті, осыдан-ақ кімнің кім екенін біле беріңіздер...

— Өзіңіз жоғарыда үміт пен күдіктің қатар жүретінін айтып қалдыңыз. Егер сіздер билік таратып қандай да бір әділетсіздікке ұшырап жатсаңыздар, қандай қадамдарға барар едіңіздер. Жоқ, тек мәлімдемеміз ғана шектелесіздер ме?

— Біз бірінші кезекте сайлауды тек саяси бөсекелестік емес, сонымен қатар өз идеяларымызды, өз құндылықтарымызды халыққа кенінен насихаттаудың да жолы деп түсінеміз. Сондықтан біз соңғы мүмкіндікке дейін халықпен жұмыс жасап, «Ақ жолдың» идеяларын, демократиялық, рухани құндылықтарды, имандылық мәселесін, еңбектің құндылықтарын, тендіктің құндылықтарын жеткізуге тырысамыз. Ал бірақ шектен шыққан басыздық болып жатқанына көзіміз жетсе, біз онда сөзсіз кезектен тыс құрылтай шақырып, қалыптасқан жағдайды талқылайтын боламыз.

Серік ЖҰМАБАЙ



Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Халық қаһарманы Тоқтар ӘУБӘКІРОВ «Ақ жол» партиясы мен «Әділет» партиясының бірігуін қолдап, құттықтау хат жолдады:

«АҚ ЖОЛ»
ХАЛҚЫМЫЗ
ҮШІН АБЫРОЙ
ӨКЕЛЕТІНІНЕ
СЕНІМДІМІН!

ҚҰРМЕТТІ СЪЕЗД ДЕЛЕГАТТАРЫ!
Қазақстан Республикасының азаматы ретінде, сіздерге шын ықыласыммен жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін. Өз басым Әлихан Бәйменовті елдегі ұшқыр ойлы, байсалды, жетекші саясаткерлердің бірі ретінде жақсы білемін. Ол алдына қойған мақсаттарын аяғына дейін жеткізе алатындықтан да, «Ақ жолдың» қанатының аясында бірігулеріңіз тек қана Қазақстан халқы үшін абырой өкелетініне сенімдімін!
Құрметпен, ғарышкер Тоқтар ӘУБӘКІРОВ

КУЛТӨБЕ



Мақсұт НӘРІКБАЕВ, «Ақ жол» демократиялық партиясы төрағасының орынбасары – Орталық Кеңес төрағасы:

БҰЛ ЕЛБАСЫҒА ӨКПЕЛЕГЕНІМ ЕМЕС

кімде-кім Президентке шын дос болса, шындықты айтуы керек

мемлекетіміз қазіргі кезде үлкен даму, өсу жолында тұр. Оның барлығы біздің мемлекетімізде орын алып отырған саяси оқиғаларға байланысты болып отыр. Мінеки, бүгін екі жақта жүрген екі партия бірігіп, бір бағдарламаны, бір мақсатты негізге алып, қосылу үстінде. Осы бірігу жолындағы қосылысымыз, біздің жолымыз ақ жол болып, бір күш болып, қойған мақсатымызға жетуге Алла жар болсын деймін!

Мен бірнеше облысты аралап келдім. Сонда ел арасынан мынадай бір алып-қашпа сөздер естідім. «Ойпырмай, мына Нәрікбаев Назарбаевқа өкпелеген бе, неге

оппозиционер болып кеткен?» деген сынды сөздер. Рас, мен кезінде Президенттік партияның басшысы болдым. Бірақ бұл Елбасымызға өкпелеу емес. Қазақта мынадай керемет нақыл бар: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деген. Егер кімде-кім Президенттің шын досы болса, Қазақстанның шын патриоты болса, ол шындықтан алыс кетпеуі керек. Ия, бүгін біздің жас та болса, бас болған Әлихан бауырымыздың «жеткен жетістікті көрмеу — соқырлық, ал кемістікті көріп тұрып айтау, ол — жаны ашымағандық» деген сөзіне мен қатты тәнті болдым. Мен

жоғарыдағы пікірлерге жауап ретінде осыны айтар едім. Көпшілік мені мүмкін оппозиционер дер, басқа дер, бірақ шындық жолынан қашанда таймауымыз керек. Біздің бірігетініміз жөнінде Әлихан екеуіміз жеті ай бойы ойландық. Пікір алыстық. Сондықтан біз кейбір партиялар сияқты сайлауға қатысу үшін қосылғанымыз жоқ, біздің шындығында да, алған бағытымыз, аңсар арманымыз және сол арманға жету жолындағы таңдаған әдістеріміз бірдей болғандықтан біз осындай шешімге келдік. Сондықтан да барлық қазақстандықтарға «Ақ жол» тілеймін».

«Біріншіден, «Әділет» партиясын «ажалдықтардың» ақ құшағын жая қарсы алғаны үшін мың алғыс! Шынында да, біздің